«Бір тұтас тәрбие бағдарламасы»– ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
2. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

https://www.instagram.com/p/DARRrIOo4yx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFIZA==

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында оқу-тәрбие жұмыстары сегіз бағыт бойынша жүргізіліп, отырыстар, педагогикалық кеңестер, семинарлар, тренингтер, іс-шаралар, таңдалды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, рөлдік ойындар, мен пікірталастар, сияқты

оқушылармен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Орталықта оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке тұлғасын дамытуға жағдай жасалды, үйірмелер, спорт секциялары, жобалық іс-шаралар жұмыс істеді. Орталығымызда 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында “Жаз бағдарлары” атты облыстық семинар-практикум өтті. Семинар мақсаты - жазғы демалыс кезінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын ояту, өзара тәжірибе алмасу.

https://www.instagram.com/reel/C7J-eZENeKK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Ұлттық құндылық - ұлттық иммунитет” тақырыбында облыстық семинар өтті. Тәжірибе алмасу барысында Н.С.Турбало оқу және тәрбие үдерісінде қолданылатын қозғалмалы, әрі танымдық ойындар қоржынымен бөлісті. “Әжелер” тобы оқушылармен өлең айтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу көрсетілімін жасап, қысқаша баяндама жасады. Орталық психологтарының ұйымдастырумен “Адам өмірі басты құндылық” атты психологиялық тренинг өткізілді. “ДоSTAR” педагогикалық отряды жаңа ойын технологиярын, балалармен жұмыс жасаудағы әдіс-тәсілдерімен, іс-шаралардың ерекшеліктерімен бөлісіп, тәжірибе таратты. Орталық басшысы Ж.С.Селеусина: “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында өткен “Ұлттық құндылық - ұлттық иммунитет” атты семинардан алған ақпараттарыңыз құнды әрі пайдалы бола алатынына сенемін” - деп семинардың танымды болғанын атап өтті.

https://www.instagram.com/reel/DCYhUnbNEN5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

“Құндылыққа бағдар: оқу-тәрбие үдерісінің тұтастылығы” атты республикалық семинар-практикум өтті.

Мақсаты: білім алушылардың оқу және тәрбие процесіндегі сапасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтарын ояту, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Семинар жұмысына Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы “Мөлдір бұлақ” облыстық оқу-сауықтыру орталығының басшысы, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, орталық дәрігері мен ұйымдастырушы-ұстаздар қатысты.

https://www.instagram.com/reel/DlayApktoL6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жыл сайын орталығымызда дәстүрлі түрде өткізілетін мерекелер:

«Мұғалімдер күні»

«Қарттар күні»

«Республика күні»

«Жаңа жылдық ертеңгіліктер», «Жаңа жылдық бал»

«Төтенше жағдайлардан қорғау үшін балалар күні» (өмір қауіпсіздігі негіздеріне негізделген)

«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні»

«Наурыз»

«Отан қорғаушылар күні»

«Жеңіс күні»

«Үздік топтар шеруі»

«Отбасы күні»

«Таланттар шоу кеші»

Орталығымызда барлық демалушылар дәстүрлі орталық іс-шараларына қатысады, бірақ демалушылардың белсенділігінің дәрежесі әртүрлі болады. Бұл тренер-оқытушылардың жұмысы мен ұйымдастыра білу, балаларды ынталандыру, әр баланы іс-әрекетке баулу қабілетіне тікелей байланысты.

Орталығымызда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру келесі талаптар қойылу арқылы жүзеге асырылуда:

- 1) пәндік мазмұн шеңберінде: – әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
- 2) сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:
 - ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынып сағаттарының мазмұнында ескеру;
 - сынып сағаттары аптасына 1 сағат орталық сабақ кестесіне енгізулі және жүйелі түрде өткізіледі.

Бағыттар бойынша тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп

Патриоттық тәрбиелеу бағыты бойынша:

Жасөспірімдердің бойында патриоттық сезімді ояту, өз Отанын туған жерінің тарихын дәріптеу. Әр дүйсенбі сайын патриоттық тақырыпта салтанатты лездеме өткізіледі.

Әр ауысым сайын, ашылу салтанатты лездemesі өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DQXJdKXjGSV/?igsh=MXR1amo1ZDMzZTB0dA==>
https://www.instagram.com/reel/DHqqxNUNB52/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/reel/C4_KPJpN_HL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/reel/DJbVNRHteKA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Әр жыл сайын қыркүйек айында 5-9 сыныптарда «Тілдің мерейі – елдің мерейі», «Ана тілі – ұлт бесігі» атты тақырыптарда сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CxnMtfINWlW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/reel/C5bufPkNsKV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/reel/DHtoVwetvt0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/reel/DP_7amDjAxX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/reel/C3CshS3Ny--/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Жыл сайын орталық ұстаздары «Ашық сабақ» апталықтарын өткізді.

https://www.instagram.com/p/DDgMjEVIaVp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDe1OQ6NzDh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDd0uKZNO0S/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDWX4PbNGW4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDY1zb9tr3G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDP1I_sNxzS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDOkfBVt99x/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==
https://www.instagram.com/p/DDP0ILRtaVY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

[DBiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/p/DDPD2WfNzTo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2022 жылғы маусымда Ұлттық құрылтай отырысында Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін мерекелеуді қалпына келтіруді және оған ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды. Сол жылдан бастап орталығымызда «Республика күні» тойлана бастады.

https://www.instagram.com/reel/CyyZPSOt6Ur/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/CyxaPA9NIDa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DBjTCsCNyrr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DBgGsimNsZk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DQMKMJRjFLU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQM-e9tDMt9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау, құрметтеу мақсатында оқу жылының барысында әр дүйсенбі күні сағат 8.00-де оқушылар мен мұғалімдер мемлекеттік әнұранды айту ұйымдастырылды. Барлық сынып жетекшілер тәрбиенің жылдық жоспарына рәміздерді насихаттауға байланысты тақырыптарды енгізді. Орталық ғимаратының дәлізінде ҚР мемлекеттік рәміздерінің стендік нұсқасы орнатылған.

https://www.instagram.com/reel/DBFzAQ1tNbl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DCQezBOtjSa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DDD7jjwNrez/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Рухани-адамгершілік тәрбие қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлері, адамгершілік құндылықтар, әдеп оқушының жағымды қасиеттерін қоғамда пайдалана білуге және басқаларға игі әсер ету қабілеттілігін дамытуға тәрбиелеуге негізделген. Бұл бағытта демалушылар арасында әртүрлі орталық ішілік іс-шаралар өткізілді: «Ұстаздар күні», «Қарттар күні»

«Ұстаздар күні» мерекесіне арналған «Өзін-өзі басқару күні» мерекесіне топ командирлері жауапты болды. Топ басшылары өз топтарында жұмыс жүргізді. Мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мұғалімдер қатысып, үлкен әсер алып қайтты. Орталық демалушылары мұғалімдерді құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/CyA6R5JNIC1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DAsRWXOtviV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DPWf5qNDG9F/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DPbB8tLjJi3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Қарттар күні» мерекесіне арналып концерт ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/CxxzE71t5Yc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[ODBiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/p/DPQKtCwjILF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жасалған жұмыстар

Орталық ғимаратының бірінші қабатында сенім жәшігі орнатылды. Аталған жәшікті аптасына 1 рет орталық психологі, ТІМ, басшы ашып отырды. «Өз құқықтарыңды білесің бе?» сауаттылық тәрбие сағаты; «Зорлық-зомбылық және қатыгездік факторлерін анықтау бойынша» тренинг сабақ; «Бала құқықтары туралы конвенция» дөңгелек үстел; «Қарым-қатынас» тренингі; 5-9 сыныптарда «Бала құқығы – адам құқығы» құқықтық сауаттылық сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C_kI57RN07B/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DMW9pGyxyMM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DOto3CwDKJ6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DKwYhnRNAmo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Экологиялық тәрбие беру бағыты бойынша демалушылардың табиғатқа әдепті көзқарасын қалыптастыру, еліміздегі экологиялық жағдай туралы ақпарат беру, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғауды үйрету мақсатында орталығымызда «Таза Қазақстан» бағдарламаларына және экологиялық акцияларға қатысты. Соған орай «Достық аллеясы» ағаштар отырғызып, сенбіліктер және ағаш егу шаралары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C6QgGIBNW8x/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C57tSshtxLU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C51P4AxtjGK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DI6-rbkN5-L/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша демалушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі. Көркемдік тәрбие беру бағытында орталық ішілік дәстүрлі іс-шаралар жылда ұйымдастырылып өткізіледі. Ол: «Алтын күз», «Жаңа Жыл» т.б. Жалпы бұдан да басқа мерекелерге дайындық кезіндегі: безендіру, әшекейлеу, қабырға газеттерін шығару сияқты жұмыстары барысында эстетикалық тәрбиелеу жүргізіледі. «Алтын күз» мерекесінде әр топтар күзгі мерекелік дастарқан жабдықтап, «Гүл шоғыры», «Шығармашылық өнер» сайыстарын өткізді. Жаңа Жылға қарсы безендіру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: жалаушалар ілініп, орталық ғимараты жарқыраған гирляндармен әшекейленіп, желтоқсанның соңғы күні «Жаңа Жыл» мерекесі өткізілді. Орталық демалушыларына шырша мерекесінде тәтті сыйлықтар таратылды.

https://www.instagram.com/reel/DBZKDqitSnM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1aOFPWtIS8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DDtTELtUh-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C4tPvqeLbrG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру

Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру іс-шараларының жеке жоспары бойынша «Денсаулық фестивалі», спорттық секциялар жұмысы, зиянды әдеттердің алдын алу шаралары, «дұрыс тамақтану», «ЖҚТБ-ға қарсы күрес», «Шынықсан шымыр боласын» сынып сағаттары, дәрігер мамандармен кездесу, туберкулез туралы түсініктеме беру, демалушылармен кездесу әңгімелер өткізу, спорттық сайыстар, жарыстар сияқты шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C9_mE0bNokD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Оқушылардың демалысын ұйымдастыру туралы мәлімет

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, жауапкершілік пен ұжымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында төмендегі іс-шаралар қатары ұйымдастырылып, өткізілді:

Оқу-тәрбие жоспарына сәйкес орталықта ұлттық спорттық секция (асық ату, садақ ату, бесасық, тоғызқұмалақ) «Ойзерек», «Сиқырлы қылқалам», «Ағашпен жұмыспен жасау», «Алтын оймақ», «Өнерлі өрен», және «Дебат» клубы жұмыс жасайды. Ұлттық құндылыққа бағытталған орталығымыздың ардагер-ұстаздарынан құралған «Әжелер» тобы жұмыс жасайды.

https://www.instagram.com/reel/DGTLXQhNkJ6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DHRnYq3tN7d/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DHValvsM-IX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DAlj_1ltMEB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DBhE0UStsx-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DCoz97yt9-l/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/DFPP9-cNDYy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DGU0A5_tdru/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/reel/CxaXnXJN1WA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DMIBWvqNLj5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DLncn_KT7Qi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Сауықтыру

Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуы және денсаулықты күшейтуге, ағзаны сергітуге, дене тәрбиесі әдістеріне табиғи факторларды рационалды қолдану «Жас дәурен» балаларының сауықтырылуының негізі болып табылады.

Көлдердің ұсақ сулы жағалаулары, жағажайдың жылы топырағы жақсы жылытылады, желдетіледі. Осы табиғи емдік факторлар «Жас дәуренде» сауықтыру іс-шараларын өткізгенде табысты қолданылуда және балаларға жаз уақыттарында түрлі аурулармен ауырмауға септігін тигізуде.

Массаж балалардың «Жас дәуренде» болған барлық уақыттарында өткізіледі.

https://www.instagram.com/reel/ComeJDUAHIZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Балаларға арналған саяхаттар

Экскурсия бағдарламалары мектеп жасындағы балалар үшін арнайы жасалады. Олар өте қызықты әрі керемет, танымдық және қызығушылықты арттыру сияқты жақтары мол.

Атақты зерттеуші және философ ретінде танылған, болашақты болжағыш, көріпкел атамыз М.Ж.Көпеевтің, қазақтан шыққан алғашқы академик ағамыз Қ.И.Сатпаевтың, белгілі акын-жазушы С.Торайғыровтың мұражайларымен танысу – рухани және мәдени дамуға керемет мүмкіндік береді. Ал жазғы уақытта Сабындыкөл жағасына барып, көлге түседі. Ал қысқы уақытта Бахтин тауына барып, сырғанақ тебеді.

https://www.instagram.com/reel/DJopvX4MuHO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C8rU0uDNiJs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CygFB0rNDwp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CuzKjC-AJMw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DFAI3pUNuao/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DKc107gNfWd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ойын – сауық

Ауысым бойы орталықта түрлі викториналар, белсенді және интеллектуалдық ойындар, мерекелік іс-шаралар, концерттер, қызықты жарыстар мен эстафеталар, шығармашылық сайыстар және тағы да басқа танымдық шаралар ұйымдастырылады. Кешкілік уақытта үлкен экраннан фильм көру мен қызықты би кештері өткізіледі.

https://www.instagram.com/reel/CxnvKC5NtRs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/Cz2b9UcI9ua/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C00WxEroPhj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C2-xOdDNpxy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4JRXU2NwBv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4R8cTQNwGw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4qo-MwNDxs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C81zksGNNsl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C85MJD2tUbH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DBc-UxOtsQZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C-FDCtrN5Er/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DKoiRnWtfvu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DBtzinONLUX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DL_hzDOZyP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

[RIODBiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/DMBRR_XNysq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[RIODBiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/DMruoMFNfIn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[RIODBiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/DP6KEhGjPl1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[ODBiNWFIZA==](#)

Спорт

«Жас дәуреннің» әрбір ауысымында спорттық бағдарламада қозғалмалы ойындар өзіндік ерекше орын алады. Бізде спорттық жаттығуларға арналған кешен бар. Олар: асфальтпен жабылған баскетбол ойынына арналған алаң, футбол алаңы, жүгіру жолағы, тренажер залы, конькилер, шаңғылар, роликті коньки, тағы да басқа.

Жыл сайын түрлі спорттық құрылғылар сатып алынады.

Спартакиада шеңберінде орталықта жарыстар ұйымдастырылады. Оған медициналық қарсы көрсеткіштері жоқ әрбір жас дәурендік қатыса алады. Балаларға топтық ойындар үйретіледі. Үздік командалар, чемпиондар және жеңімпаздар мақтау қағаздарымен, төс белгілерімен марапатталады.

Бұдан басқа, шахмат, шашки, тоғыз құмалақ ойындарынан біріншілік өткізіліп отырады.

Орталық тәлімгерлері мен тәрбиешілері жазғы ауысымдарға дайындық ретінде ауысым арасында балалармен өткізетін өздері жасаған ойындар жинағын әзірлейді.

https://www.instagram.com/reel/CzeNL2ateTP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[BiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/C9SbXaYtlxG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[BiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/C8WHFFhNMDq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[ODBiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/DL6ha2nRldu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[BiNWFIZA==](#)

https://www.instagram.com/reel/C5qsrpRtpsr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

[DBiNWFIZA==](#)

SWOT талдауы

Күшті жақтар	Әлсіз жақтар
□ Аудандық, мектептік үйірмелерге қол жетімділігі; □ Сайыс, конкурстарға, спорттық сайыстарға белсене, ынтамен қатысуы; □ Тәрбиелік іс-шаралардың демалушылар қызығушылығымен ұйымдастырылуы; □ Демалушылардың деңгейінің жақсы деңгейде көрсетілуі.	□ Тәрбие бағдарламалар бойынша жобалармен жұмыс жасауға мүддесіздігі;
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер

□ Сынып жетекшілер және тренер-оқытушылар арасында шығармашылық орта құру; □ Облыстық оқыту сауықтыруларымен инновациялық байланыста болу; □ Аудандық мәдени орындармен бірлесе жұмыс жасау; □ Облыстық, аудандық кенттік іс-шараларға, семинар, конференцияларға, спорттық шараларға қатысу.	□ Демалушылардың арасында отбасыларының әлеуметтік жағдайының төмендігі;
--	--

4.3. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсына игеру: Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсына оқыту міндетті болып табылады.

5- 9 сыныптарда 15 сағатты «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру: Жалпы міндетті білім беру стандартына сәйкес «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Жол қозғалысы ережелері» 1-8 сыныптарда сынып сағаты есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып іске асырады. Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 5-8 сыныптарына жылына әр сыныпқа 10 сағаттан беріледі. ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді бастауыш сыныптарда арнайы жабдықталған дәлізде, сыныпта, жоғарғы сыныптарға мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізіледі.

V БӨЛІМ. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

1. **Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.):** «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас дәурен» облыстық оқыту-сауықтыру орталығы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140300, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, М.Шорманов көшесі, 2-үй көшесінде орналасқан. Ғимарат қабырғаларының материалдары құмды блок және силикатты кірпіштен, А типтік үлгідегі ғимарат 2010 жылы 200 оқушыға арналып салынған. Үш қабатты. Жалпы алаңы-9694,4 ғимараттың ауқымы-5964,6, құрылыс ауданы – 4283,7. Оқыту тілі – қазақ және орыс тілді, жұмыс реті - 1 ауысымда оқытылады. Қазіргі таңда 5-9 сынып аралығында оқушы білім алуда. БСН 091140009665. Заңды тұлғаның атауы «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас дәурен» облыстық оқыту-сауықтыру орталығы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

2018 жылы арнайы мүмкінділігі шектеулі жандарға пандус, санитарлық торап барлық

қабатта қамтамасыз етілді. Ұлдарға, қыз балаларға арналған ішкі жылы дәретханалар жылы сумен (титан арқылы жылытылады). Орталықтың сынып бөлмелері, оқу кабинеттері құрал-жабдықтармен жабдықталған. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камерлары жұмыс жасайды. Оның 4 бейнебақылау камерасы сыртқы орталық ауласын бақылап тұраса, 28 бейнебақылау камерасы ішкі орталық дәліздерін, орталық ауласын бақылап отырады. Орталықтың материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Орталықтың ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, орталық ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Кәсіпорын ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, информатика сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған. Орталық мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

2. Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиториялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар), білім беру ұйымының үйжайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы): Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кемінде 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер: ғимараттың өзі, гараж, спорт зал, акт зал, шаруашылық блогы, асхана, жағажай. Сыныптар оқушылардың бойына сай жиһазбен, қажетті жарықтандырумен сантехникалық жабдықтармен, стендтер, шкафтармен жабдықталған, су ішу режимі ұйымдастырылған. Орталықта информатика оқу кабинеті құрал-жабдықтармен жабдықталған. 1 кабинеттерде(математика) интерактивті тақтамен жабдықталған. Спорттық және акт залдарында қажетті инвентарь мен құралдар бар. Әкімшілік кеңселерде компьютерлер мен қайталанатын жабдықтар бар. Орталықта психолог кабинеті қызмет жасайды. Оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін орталыққа кіруді бақылау қызметі «қауіпсіздік агенттігі КБК» ЖШС ұйымдастырылған, дабыл түймесі бар консоль, өрт және қауіпсіздік дабылы іске қосылған. Медициналық көмек көрсету. Медициналық бөлмесі талапқа сай барлық қажетті жиһаздармен және медициналық құралдармен жабдықталған. Медициналық көмекті білікті медбикелер көрсетеді. Спорттық құралдармен қамтамасыз етілуі. Орталықта спортпен шұғылдануға арналған орындар ұйымдастырылған, бағдарламаларға сәйкес дене шынықтыру сабақтары мен секциялық сабақтарды өткізуге арналған спорттық инвентарь мен құрал-жабдықтардың саны жеткілікті: 1 тренажер залы бар. Білім беру бағдарламаларын ресурстық қолдау. Іске асырылып жатқан білім беру бағдарламаларын сәтті жүзеге асыру үшін мекемеде ақпараттық ортаның болуын, орталықтың оқу және көрнекі құралдармен жабдыкталуын, компьютерлік техниканы, бағдарламалық қамтамасыз етуді, жергілікті желі мен ғаламдық жүйені қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптасты. Орталық Интернетке қосылған. 2023жылы «Қазақтелеком» АҚ -мен интернет жеткізу қызметін ұсыну туралы келісім жасалды. Орталық ғимараты полицияны жедел шақыру үшін дүрбелең түймесімен, сондай -ақ өрт сигнализациясымен жабдықталған. Орталық ғимаратына кіру бейнебақылау камераларымен басқарылады. Орталықта 4 сыртқы және 28 ішкі бақылау камералары бар. Орталықтың бейнебақылау жүйесі келесі аудандарды тиімді визуалды бақылауды қамтамасыз ететін етіп салынған:

- орталық аумағының сыртқы периметрі;
- ғимараттың алдыңғы кіреберістері;
- залдар, баспалдақтар мен дәліздер.

Бөгде адамдардың келу және кету уақытын тіркеумен оқушылардың сабаққа қатысуын жеке

тіркеуді орнатуға мүмкіндік береді. Орталық ғимаратының өрт сигнализациясында түтін мен жылу детекторлары қолданылады. Білім беру мекемесі дауыс зорайтқыш байланысымен және «102» пультіне тікелей келетін сигналмен автоматтандырылған, сондай-ақ барлық өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған. Орталық терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін нормативтік құжаттармен жүйелі түрде жұмыс жасайды, білім беру мекемесінің қауіпсіздік паспорты, мәдени іс-шаралар ұзақтығының қауіпсіздік жоспарлары, апатты жағдайда ғимараттардан эвакуациялау жоспарлары әзірленді. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сынып. Барлық оқу кабинеттері саны –11 .

1 қабатта:

№ 108 Биология кабинеті – 16,9 кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар бар.

№110 Ағылшын тілі кабинеті – 16,9 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№ 112 Орыс тілі кабинеті – 16,9 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар; мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№114 География кабинеті – 16,6 м кв – жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№111 Сиқырлық қалам кабинеті – 16,4 м/кв, құмды столдар, парталар және орындықтар, шкафтар қамтамасыз етілді.

№113 Жас шебер кабинеті – 16,4 м/кв, қыш ортасы, балшық, муфель пеші, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№115 Ой-зерек кабинеті – 16,4 м/кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, бисер, тоқыма жіптермен, шкафтар қамтамасыз етілді.

№117 Алтын оймақ кабинеті – 16,4 м/кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, тігін машиналары, шкафтар қамтамасыз етілді.

№119 Қолөнер кабинеті – 16,4 м/кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, шебер үстелдерімен, ағаш күйдіргішпен, арамен, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

2 қабатта:

№ 237 Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті – 57,57 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, шкафтармен қамтамасыз етілді.

№ 231 Математика кабинеті – 64,6 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар; шкафтармен, видеопроектор және интерактивті тақтамен жабдықталған.

№226 «Жас дауыс» - 16,2 м/кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№228 Қазақ тілі мен әдебиет кабинеті - 16,2 м/кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

3 қабатта:

№332 Информатика кабинеті – 49 м кв: жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталары мен орындықтары, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар, интерактивті панельмен және әр оқушы компьютермен қамтамасыз етілді, интернет желісіне қосылған.

№328 Тарих кабинеті – 16,2 м кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді.

№335 Өлкетану кабинеті – 56,26 м/кв, жас ерекшеліктеріне сай оқушы парталар мен орындықтар, мұғалім үстелі мен орындығы, шкафтар қамтамасыз етілді

Тренажер залы – 142,1 м/кв, үстел теннисі, асық ату ойынымен, бес асық ойынымен, садақ атумен, тренажерлар: жим, велотренажер, эллиптикалық тренажермен жабдықталған.

№336 Акт залы – 84,1 м/кв, музыкалық аппаратура, орындықтар, видеопроектор және интерактивті тақтамен жабдықталған.

3. «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Жас дәурен» облыстық оқыту-сауықтыру орталығы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында медициналық кабинет жұмыс істейді. Кабинетке лицензия нөмірі № 15003506 лицензия берілген күні 19.02.2015 жылы. Медкабинетте алғашқы медициналық-санитарлық, жедел және шұғыл медициналық көмектер көрсетіледі. Медициналық кабинет 2 бөлмеден тұрады; изолятор және қабылдау бөлмесі. Изолятор бөлмесінде төсек орны -2, тумба -2, 1-шкаф, екінші бөлмесінде: медициналық үстел - 1, медициналық шкаф-1, антисептик-1, кушетка -1, бак, лампасы -1, қол жууға арналған раковина -1, педикулез жиынтығы -1. Қабылдау бөлмесінде: 3 орындық, тонометр-1, тоңазытқыш-1, градусник-10, кушетка-1, дәріге арналған шыны шкаф -1, медициналық үстел -1, шкаф-1, компьютер -1, ростомер -1, таразы-1, ширма-1, бак, лампа-1, тікелей байланыссыз термометр -2, тағамға арналған контейнер -2, антисептик-1, шина-2, холод-2, ауыз су: қайнаған су және бір реттік стакандар және алғашқы көмек жинағы бар. Оқушылар жарақат алған кезде дереу ата-аналарына ескертіліп, жедел жәрдем шақырылады.

Жылдың басында жоспарлы жылдық жоспар жасалынады (флюорография т.б). Орталық педагогтері жылына профилактикалық скринингтік тексеріс өтіп тұрады. Демалушылар мед. тексерістен өтіп келеді.

VI БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

6.1. Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы басшылыққа алынып білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барлық сыныптардағы формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілді және оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындылары шығарылады. БЖБ үшін максималды балл 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек екендігі және оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайтындығы ескерілді.

Орталық жарғысының 6-шы бөлімі Кәсіпорында оқушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібінде жазылғандай, 21. Кәсіпорында оқушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүзеге асырылмайды. Оқушылардың үлгерімін бақылау және аралық аттестаттау оқушылардың негізгі білім алатын орны бойынша жүргізілетін болғандықтан, тест алынбады, нәтижесі шығарылмады.

VII. БӨЛІМ. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Орталықтың өзін-өзі бағалауы келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді:

-Білім сапасын арттыру мақсатында жас мамандармен жасалатын жұмыстарды, білім сапасы төмен сыныптармен жасалатын жұмыстарды жүйелеу;

- Мектепшілік бақылау жоспарында көрсетілген барлық іс-шаралардың қорытынды талдауын

жасап, жұмыс жоспарын жүйелеу;

-Орталықтың материалды-техникалық базасын жетілдіру;

-Ғылыми-әдістемелік инновациялық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына жүйелі түрде қатыстыруды жалғастыру.

VIII БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

1. Бағалауды тиімді жүзеге асыру бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастыру, әдістемелік көмек беру.
2. Оқушы біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.
3. Білім сапасын көтеруге бағытталған іс-шараларды жоспарлау.
4. Оқушылар мен мұғалімдердің қалалық байқаулар мен сайыстарға қатысу деңгейін көтеру.
5. Аттестациялау процесінің сапасын жетілдіру.
6. Сабақта СБР қолдану бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастыру.
7. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.
8. Білім сапасы төмен сыныптардан әкімшілік бақылау жұмысын алу.
9. Тәрбие жоспарларына сәйкес іс-шараларды өткізуді қадағалау, өтілу сапасын жақсарту;
10. Сынып жетекшілердің ашық тәрбие сағаттарын мерзімінде өткізу.
11. Келесі оқу жылында тәрбие сағаттарында жаңа технология стратегияларын қолдану.